

**« Табантал орта мектебі » КММ-нің № 1 кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Қатысқандар---- (педагогикалық ұжым)

Кеңес төрағасы: Калиев А.С

Хатшы: Тұрмағанбетова Л.М

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Табантал орта мектебі» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Калиев А.С мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №2 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып, мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейіне;
- 4) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылады.
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

өзін-өзі бағалау туралы 2023 жылғы 29 қыркүйек №21-Н/Қ бұйрығымен, ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды:

1. Калиев А.С - мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Адилгереева Л.А- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3. Карасаева С.С- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, биология пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4. Дабылбаева А.Г- бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
5. Агниязова С.С- директордың шаруашылық жөніндегі меңгерушісі, комиссия мүшесі

Комиссия білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуге тиіс.

Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша дайындалатын есептерді атады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.

2. «Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2023 жылдың қазан айының 2 - 31 аралығы болып бекітілсін.

3. Мектеп қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.

4. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Пед. кеңес төрағасы:

Хатшысы:



Калиев А.С

Тұрмағанбетова Л.М